

САРАПТАМА

ШАНХАЙ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ
ҰЙЫМЫНДА НЕ
ҚАРАЛАДЫ?

3

МУЗЕЙ ТҮНІ

ЖӘДІГЕРЛЕР
СЫР ШЕРТКЕН ТҮН

Алматы музейлеріне
12 мың адам барды

6

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

БІР ШӘУГІМ ШӘЙ

адамдарды
жақындастырады,
татуластырады, туыс етеді

12

МЕГАПОЛИС

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ

364 жобаны ұсынуға мүмкіндік алады

Алматы – индустриялық әлеуеті жоғары, айшықты архитектуралары мен мәдени мұраға бай қала. Қазіргі таңда алматылықтардың жайлы өмір сүруі үшін қала көшелері мен саябақтары абаттандырылып, жаңа демалыс орындары салынып, тұрғын үйлер бой көтеріп жатыр. Өткен аптада қала басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Алматы аудандарын аралап, аймақтың тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан болатын.

Абай даңғылындағы бөлу жолағы абаттандырылады

Алматы тұрғындары 18,8 млрд теңгеге 364 жобаны «Халық қатысатын бюджет» бойынша жүзеге асыра алады.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Абай даңғылындағы бөлу жолағын абаттандыру жобасымен танысты. Кешенді жаңғырту жұмыстары Тұрғыт Өзал көшесінен Мұқанов көшесіне дейінгі, ұзындығы 2,6 шақырым болатын, жалпы ауданы 5,2 га учаскені қамтиды. Соңғы рет мұнда 15 жыл бұрын жөндеу жүргізілген.

«Халық қатысатын бюджет» жобасының арқасында жасыл аймақ қайта құрылады. Аумақты абаттандыру шеңберінде жарықтандыру жүйесін жаңғырту, төсеніш төсеу және суару жүйесін орнату, жасыл екпелерді санитарлық және қалыптап кесу, сондай-ақ объектіні көгалдандыру жоспарлануда.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №41 (6492) 21 мамыр, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР ДОСТЫҒЫ

екі мемлекеттің әлеуетін көтеруге қызмет етуде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмушты қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Түркияның кеңейтілген стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту мәселелері талқыланды. Ел президенті парламенттік дипломатияның әлеуетін жоғары бағалайтынын атап өтіп, Түркия Ұлттық Мәжілісі төрағасының Қазақстанға сапарының мәні зор екеніне назар аударды.

2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚШАМЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚШАМЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚШАМЫ

КAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

21.05.2024

Түнде:

+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, күннің соңында өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

22.05.2024

Түнде:

+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, таңертең жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006 >

Наша общая цель — объединить усилия заботы о родном городе

Алматы – индустриялық әлеуеті жоғары, айшықты архитектуралары мен мәдени мұраға бай қала. Қазіргі таңда алматылықтардың жайлы өмір сүруі үшін қала көшелері мен саябақтары абаттандырылып, жаңа демалыс орындары салынып, тұрғын үйлер бой көтеріп жатыр. Өткен аптада қала басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Алматы аудандарын аралап, аймақтың тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан болатын.

Жобаны осы жылдың күзінде аяқтау жоспарлануда. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, жаңғырту кезінде қала тұрғындарының серуендеуіне қолайлы жағдай жасау үшін сапалы материалдарды пайдалану қажет. Ыңғайлы орындықтарды, функционалды шамдарды және берік жол жабындарын таңдау маңызды. Сонымен қатар, қала әкімі автожуу жүйесін жүргізу қажеттігін атап өтті. Көгалдандыруға келетін болсақ, қыс мезгілінде аллейның шетіндегі бұталы қоршаулар қар тазалайтын жол техникасынан зардап шекпеуі маңызды.

«Халық қатысатын бюджет» аясында Бостандық ауданында биыл барлығы 50 жоба іске асырылады. Айта кеткен жөн, биыл Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасына 18,8 млрд теңге бөлінген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,8 млрд теңгеге артық. Қала тұрғындары аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, спорт және ойын алаңдарын құру бойынша 364 жобаны ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алады.

5

● ПРЕЗИДЕНТ

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР ДОСТЫҒЫ

екі мемлекеттің әлеуетін көтеруге қызмет етуде

(Басы 1-бетте)

– Бүгінгі кездесу Достық және ынтымақтастық туралы келісімнің 30 жылдығы қарсаңында өтіп жатыр. Мұның символдық мәні бар. Жақында ғана әріптесім Режеп беймен телефон арқылы сөйлестім. Біз үнемі хабарласып отырамыз. Сондықтан екі ел арасындағы диалог өте жақсы дамып келе жатыр. Жалпы, Түркия – Қазақстанның ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Сонымен қатар, басты 10 инвестордың қатарына кіреді. Былтыр екіжақты сауда-саттық көлемі 6 миллиард долларға жетті. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Қарым-қатынасымыздың әлеуеті өте зор. Сондықтан келешекте өзара сауда айналымы 10 миллиард долларға жететініне ешқандай күмәніміз жоқ, – деді Президент.

Өз кезегінде Нуман Куртулмуш атажұртта түрік делегациясына көрсетілген сый-құрмет үшін ризашылығын білдірді.

– Қазақстан – біздің атажұртымыз әрі



түркі халқына ортақ рухани тұлға Қожа Ахмет Яссауидің отаны. Біз Түркістан қала-

сына жол жүріп, қасиетті орындарға зиярат етеміз және Қожа Ахмет Яссауи атын-

дағы Қазақ–Түрік халықаралық университетінде конференция өткіземіз. Қазақстан Сіздің басылығыңызбен дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Еліңізде табысты саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалар жүріп жатыр. Мұның бәрі Қазақстанның өркендеуіне оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Алдағы уақытта Түркия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық одан әрі нығая түсетініне сенімдімін. Екі елдің сауда, технология, өнеркәсіп, логистика, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларындағы әлеуеті зор, – деді Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Нуман Куртулмуш екі елдің халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастығын күшейту және Түркі мемлекеттері ұйымына мүше бауырлас елдердің өзара ынтымағын нығайту жөнінде пікір алмасты. Сондай-ақ, Түркия елінің басшылығымен алдағы кезеңге жоспарланған жоғары деңгейдегі кездесулер пысықталды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы түрік спортшылары мен делегациясы биыл қыркүйек айында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына белсенді қатысатынына сенім білдірді.

AKORDA.KZ

● ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

Ататүрік тұлғасына тағзым

Алматылықтар Мұстафа Кемалды еске алды

19 мамыр – Түркияда Ататүрікті еске алу, жастар және спорт күні. Бұл күн Түркияның азаттығы үшін болған соғыстың ресми басталған күні болып саналады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

1919 жылы 19 мамырда Түркия тәуелсіздігі үшін күрескен ұлттық қозғалыстың көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүрік Самсунға келіп, шетелдік интервенцияға қарсы мобилизация жариялады. Ол кезде Түркия мен Грекия арасында соғыс болып жатқан еді. Осыдан 105 жыл бұрын «Не тәуелсіздік, не өлім!» деген ұранмен жүргізілген түрік ұлт-азаттық соғысының басталған күні ретінде тарихқа қалды. Жыл сайын 19 мамыр күні Түркияда ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде тұратын түрік ағайындар спорттық және мерекелік іс-шаралар өткізіп, ұлттық мереке ретінде атап өтеді.

Түрік көсемі Мұстафа Ататүрік тәуелсіздік пен ағартушылық алауын жаққан бұл күнді «Жастар және спорт мерекесі күні» ретінде түрік жастарына сыйға тартып кетті.

Республика сарайындағы мерекелік іс-шарада Талғар қаласындағы №1 мектеп-интернатының оқушылары мен Түркияның Стамбул қаласындағы Айдын Доған атындағы Анадолы кәсіптік лицейінің оқушылары өнер көрсетті. Іс-шара барысында балалар би билеп, патриоттық өлеңдер оқыды. Ұлттық мерекеге орай көрме де ұйымдастырылды.

Айта кететін жайт, Түркия Республикасында Мұстафа Кемал Ататүріктің «Ұлт болашағы балалық шақта қаланады» деген сөзі кеңінен танымал.

«Азаттық үшін соғысқан қаһармандар Ғази Мұстафа Кемал Ататүрікті және өзге де шейіт-

терімізді құрметпен, сүйіспеншілікпен еске аламыз. Біздің жастар өз елін қазіргі өркеніет деңгейінен жоғары, ұлы мемлекет ретінде дәріптейді. 1919 жылы 19 мамырда ұлы көсеміміз Мұстафа Кемалдың түрік ұлтына сенім артып, Самсун қаласында бостандық пен тәуелсіздік үшін қасиетті күресті бастағанына 105 жыл толды. Осы тұрғыда біз ата-бабаларымыздың отаны – Қазақстандағы іс-шарамызға қатысып, атсалысқан бауырларымызға алғысымызды білдіреміз», – деді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қонақ оқытушысы Рейхан Гөкбен Салук.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эврен МЮДЕРРИСОГЛУ,
Түркия Республикасының
Алматыдағы Бас консулы:

Түрік жастарына аманат

Түра 105 жыл бұрын Түркия тарихында ең маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл ерекше дата, әрине. Себебі, 19 мамыр –Тәуелсіздік соғысының басталған күні. Осындай өте маңызды күнде Алматыға Түркиядан ата-анам мен қарындасым келді. Бүгін түрік халқы елінің тарихын еске алуда. Еліміздің тәуелсіздігі үшін күрестің басталғанына 105 жыл толуына орай көрме ұйымдастырылды. Онда тарихи күреске қатысты құжаттар мен суреттер қойылды. Тәуелсіздік үшін ұлттық қозғалыстың негізін жастар құраған-дықтан, Ататүрік жастарға үнемі сенім артты. Сондықтан Ұлы көшбасшы атамыз түрік жастарына аманат еткен болашақты құруда берік ынтымақтастықта болуымыз керек.

● СЕМИНАР



ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

тұрақты түрде дамып келеді

«Қазақстан өзінің бейбітсүйгіш елдігімен қатар орайы келгенде ұтымды әрекет ете алатын икемді сыртқы саясатқа не ел екенін дәлелдей алды», – деді түркиялық ғалым Фырат Пурташ Алматыда өткен кездесуде. Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры бұл пікірін кеше, 20 мамыр күні Еуразия ғылыми-зерттеу институтындағы семинарда ортаға салған болатын.



Естай
БОЖАН

Аталған ғылым ордасы ұйымдастырған кезекті семинар «Еуразиялық байланыстар және Түркия әлемі маңызының артуы» деген тақырыпта өтті. Онда Хаджи Байрам Вели университеті Экономика және әкімшілік ғылымдар факультетінің деканы, әрі аталған жоғары оқу орнының халықаралық қатынастар бойынша оқытушы ғалымы Фырат Пурташ мазмұнды лекциясын өткізді. Түрік ғалымының лекциясы Қазақстанды қамтыған аймақтағы ауқымды үрдістер, сондай-ақ, Орта Азия кеңістігіндегі және жаһандағы түркі әлемі маңызының артуы сынды өзекті тақырыптарды қамтыды.

Ф.Пурташтың пікірінше, Еуроодақ елдері мен Қытайдың аймақтағы саяси-экономикалық қадамдары параллель дамуда. Қос тараптың аймақ елдерімен жасасқан келісімдері, ұсынған жобаларына қарай отырып, екі ірі күш орталығының аймақтағы бәсекесін де бағамдауға болады. Бұға қоса, Еуропалық Одақ пен Қытайдың аймақтағы экономикалық іс-қимылдарының артуы өзге күш орталықтарын да Орта Азияға деген саясаттарын қайта жаңартуға итер-

мелеп жатыр. Профессор Пурташтың пікірінше, Орталық Азия елдері үшін бұл ауқымды үрдіс алып келетін мол мүмкіндіктер бар.

Бұған қоса, Фырат Пурташ Қазақстанның икемді сыртқы саясаты туралы да өзінің көзқарасын ортаға салды. Ол сөзінде: «Қазақстан өзінің бейбітсүйгіш ел екенімен қатар, орайы келгенде ұтымды әрекет жасай алатын икемді сыртқы саясатқа ие ел екенін Астана саммитінде сәтті көрсете білді. Айталық, Астанада өткен Түркі мемлекеттері ұйымы саммитіне Turk Time деген аттың таңдалуы шын мәнінде дипломатиялық батыл қадамды көрсетеді. Тақырыптағы әрбір әріпке өзінің атау беріп, ұйымның жан-жақты функциясын көрсеткен. Turk Time, бұл – тәуелсіз түркі мемлекеттерінің берекелі, бауырмалдық ынтымақтастығының жемісі. Енді бір жағынан өзгелерге деген құлаққағыс, сырт көзге көрінетін айбаттың сыпайы түрі деуге болады», – деп түсіндіреді.

Түркиялық ғалым сөзінде соңғы 30 жыл ішінде түркі елдері арасындағы ынтымақтастық тұрақты түрде дамығанына баса назар аударды. Ол әр тараптың ортақ ниетінен туған бұл үрдіс алдағы уақытта тіпті зор нәтиже беретініне сенім білдірді.





САРАПТАМА

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫНДА НЕ ҚАРАЛАДЫ?

Қазақстан жаһандық саясатта халықаралық қауіпсіздік, саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық маңызды мәселелерді талқылайтын маңызды саяси алаңға айналды. Елімізде Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезекті отырысы өтуде. Қазақстан 2023 жылдың шілдесінен бастап ұйым тарихында IV рет ШЫҰ-ға төрағалық етуде. Еліміздің көпвекторлық сипаттағы сыртқы саяси бағыты, бүгінде батыс пен шығыста орын алып отырған геосаяси текетірестер қарсаңында маңызды саяси шешімдер қабылданып, тараптар еркін мәселе талқылайтын саяси орталыққа айналуына негіз болды. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының кейінгі жылдары құрамы толығып, халықаралық саясаттағы салмағы артып келеді. Бүгінгі мақаламызда ШЫҰ-ның халықаралық саясаттағы салмағы мен ұйым аясындағы еліміздің ықпалы мен рөлін талдап көрейік.



(Дереккөз: kisi.kz).

кіреді. Бүгінде ұйымға толық мүшелікке өтуге Беларусь үмітті.

• Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы Еуразиядағы 3,5 миллиардтан астам халықты біріктіріп, әлемдік ЖІӨ-нің төрттен бірін және әлемдік сауданың 15%-дан астамын қамтитын іргелі ұйым.

Астанада Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеудің төрағалығымен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезекті отырысы өтуде. Кеңес барысында биыл Астанада өтетін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кездесуі отырысына дайындық барысы қарастырылатыны белгілі.

Еуразия даласында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің екі бірдей мүшесі Қытай мен Ресейдің басын да қосатын маңызды саяси алаңға айналды. Кейінгі жылдары құрамына Үндістан, Пәкістан, Иран қосылып, саяси салмағы артты. Қазақстанның Шанхан Ын-

тымақтастық Ұйымына мүшелігі Қазақстан–Ресей (әлемдегі ең ұзын мемлекеттік құрлықтық шекара 6846 км) және Қазақстан–Қытай (1533 км) шекаралары аясында ерекше маңызға ие. Халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі дағдарыс пен кейінгі жылдары орын алып отырған геосаяси текетірестің артуы, ШЫҰ аймақтағы ықпалын арттырып, маңызды мәселелерге нақты шешім табатын алаңға айналдырды. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы әлеуетінің кейінгі жылдары артуы негізгі екі себепке байланысты. Біріншіден, ұйым құрамына Азиядағы ықпалды күш орталықтары саналатын Үндістан, Иран сынды маңызды елдер қосылса, екіншіден, Ресеймен ұжымдық батыс арасындағы геосаяси ишеленіс ұйымның мазмұны мен ықпалына тың серпін беруде.

Десе де, ШЫҰ тарихында кейінгі жиырма жылдықта біршама институционалдық мәселені бастан өткерді. Ұйымның толыққанды жұмыс істеуіне бірден-бір кедергі болған ұйым мүшелері Ресей және Қытайдың халық-

аралық тәртіп негіздері бойынша көзқарастарының әртүрлі болуы еді. Алайда, ұйымға баламалы түрде алғашында бақылаушы деңгейінде, кейін толыққанды мүше болған Иран, Үндістан, Пәкістан елдерінің қосылуы ұйым аясында күштер саналуандылығын арттырды.

Еліміздің ШЫҰ-ға төртінші рет төрағалық етуі барысында ұйымға мүше елдер арасында келесі бағыттарды дамыта түсуге терең көңіл бөлінді:

- ШЫҰ кеңістігінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту;
- энергетикалық ынтымақтастықты нығайту;
- цифрлық саладағы ынтымақтастықты кеңейту;
- экология саласындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту.

ШЫҰ «үш зұлым күш» аталып кеткен терроризм, экстремизм, сепаратизм сынды мәселелермен күреседі. Еліміздің аталмыш ұйымға төрағалығы аясында Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын жаңарту, ШЫҰ-ның 2024–2029 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясын қабылдауды және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы қабылданды.

Жалпы, Қазақстанның ШЫҰ аясындағы ұстанымы ұйымның жаһандық қауіпсіздік жүйесінде сақтауға деген көзқарасын жаңартуды, жаңа геосаяси мәселелерде ұйымның әлеуетін нығайтуды, сондай-ақ, одан әрі институттық негізде дамытуды көздейді.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

Мәскеу–Бейжің қатынасы:

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ
БАЙЛАНЫС БЕКИ ТҮСЕ МЕ?

Биыл 15–17 наурызда Ресейде президент сайлауында Владимир Путин жеңіске жетті. Ал 7 мамырда жаңа президенттің ұлықтау рәсімі өтті. В.Путин алғашқы шетелдік ресми сапарын Қытай Халық Республикасынан бастады. 16-17 мамырдағы екі күндік ресми сапар қорытындысы бойынша екі мемлекет арасында 11 құжатқа қол қойылды. Ресей президентінің алғашқы шетелдік ресми сапары ретінде Қытайдың таңдалуында саяси мән бар. Екі елдің дипломатиялық байланыс орнатуының 75 жылдығына орай кездесу өтуі де бекер емес.

Ортақ құндылықтар дәріптеледі

Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин Қытайға елдің төрағасы Си Цзинпиннің шақыруымен барды. Қытай астанасы Бейжіңде екі жақты шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер өтті. Сонымен қатар, екі ел басшылары дипломатиялық қатынастардың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған концертке, 2024 және 2025 жылдары «Ресей–Қытай мәдениет жылдарын» ашу салтанатты рәсіміне қатысты.

Екі ел басшылары қатысқан ресми іс-шаралардың өзінде терең саяси мән бар. Біріншіден, биыл дипломатиялық қатынастардың орнауына 75 жыл толады. 1949 жылы 2 қазанда КСРО Қытай Халық Республикасының тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынас орнатты. Ресей КСРО-ның заңды мұрагері. Сондықтан халықаралық құқық тұрғысынан дипломатиялық қатынас орнауына 75 жыл толады.

Екіншіден, әдетте, мәдениет жылдары өзгеше атап өтіледі. Мысалы, биыл Өзбекстанда Қазақстан мәдениеті жылы өтсе, Қазақстанда келесі жылы Өзбекстан мәдениеті жылы. Ал Мәскеу мен Бейжің өзге жолды таңдаған. Яғни «Ресей–Қытай мәдениет жылдары» деп аталатын бірлескен мәдениет



(РІО «Новости»).

жылдарын атап өтпек. Демек, 75 жылдық тарихы бар екі елдің мәдени байланысы мемлекетаралық деңгейде насихатталмақ. Идеологиялық тұрғыдан ортақ құндылықтар дәріптеледі деген сөз.

Тарихи және саяси тәуекелдер

Ресей–Қытай әріптестігі күрделі кезеңдерді басынан өткізгені тарихтан белгілі. КСРО-ның 1949 жылы ҚХР-ды мойындауында стратегиялық мақсат болды. Әлем екі ірі блокқа бөлінген тұста коммунистік идеяны мемлекеттік идеологияға айналдырған алып елді стратегиялық әріптес етіп алу КСРО үшін ұтымды шешім болды. 1950 жылы 14 ақпанда Мәскеуде «Достық, одақтастық және өзара көмек туралы Кеңес-қытай» келісіміне қол қойылды. Бірақ сенімді байланыс ұзаққа созылмады. КСРО басшысы И.Сталин қайтыс болғасын мемлекетаралық байланыс дағдарысқа ұшырады. Н.Хрущев жүзеге асырған сыртқы және ішкі саясат Қытай билігіне ұнаған жоқ. Сыртқы саясатта Кариб дағдарысында КСРО-ны оңай берілдің деп айыптады Бейжің. Ал ішкі саясатта И.Сталинге айып тағу кезеңі идеологиялық алшақтықты тудырды.

1950 жылдардың екінші жартысы мен 1960–1970 жылдары КСРО мен ҚХР арасындағы шиеленісті АҚШ бастаған батыс елдері өз мүддесіне пайдаланды. Ол кезде де, қазір де Қытай үшін Тайвань мәселесі өзекті әрі әлсіз тұстарының бірі болатын. 1946–1971 Қытай Халық Республикасы емес, Қытай Республикасы (Тайвань) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі еді. Кеңес-қытай дағдарысы нәтижесінде, батыс елдері Тайвань мәселесінде шегініс жасады. Сөйтіп, Қытай Республикасы 1971 жылы Қауіпсіздік Кеңесінен шығарылды. Оның орнына Қытай Халық Республикасы енді.

Ресей мен Қытай арасындағы қарым-қатынасты талдау барысында осы тарихи жағдаятты ескеру керек. Және де басты тәуекел саяси екеніне мән берген абзал. Егер КСРО И.Сталин кезінде жүргізген сыртқы және ішкі саясат жалғасқанда екі ел арасында қатынас нашарламас еді. И.Сталиннің қабылдаған шешімдерімен келіспеуге болады. Бірақ өзінен алдыңғы басшыны айыптамай, керісінше ұлықтау арқылы саяси жүйені тұрақты ете білген. Демек, алдағы уақытта да Мәскеу мен Бейжің байланысына билік алмасуы тікелей әсер етеді деген сөз.

Сол үшін де дипломатиялық қатынастардың 75 жылдығы мен идеологиялық ортақтық мәселелерінде басшылар уағдаласты.

Басым бағыттар қандай?

РФ Президенті В.Путин мен ҚХР Төрағасы Си Цзинпиннің келіссөздерінен кейін 11 құжатқа қол қойылды. Оның ішінде мемлекет, үкімет басшылары, министрліктер, ақпараттық агенттіктер арасында уағдаластық жасалды. Бұл құжаттардың ішінде ең негізгісі: «Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнатуының 75 жылдығы аясында жаңа дәуірге кіретін жан-жақты әріптестік пен стратегиялық өзара іс-қимыл қатынастарын тереңдету туралы бірлескен мәлімдемесі».

Мәлімдемеді Мәскеу мен Бейжің келесі халықаралық институттар бойынша әріптестік сақтауға уағдаласты:

1. БҰҰ. Демек, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері ретінде қабылданатын, қарастырылатын резолюцияларда бірін-біріне қолдау көрсетпек.
2. ШЫҰ. Аймақтық әскери-саяси, қауіпсіздік бойынша ұйым аясында бірлесіп әрекет етпек. Мұндай шешім Қытайдың мүддесін ескеріп қабылданған. Себебі, Қытай ұйымның негізін қалаушы және негізгі сыртқы саяси бағыттардың бірі.
3. BRICS. Аталмыш ұйым Ресейдің негізгі сыртқы саяси бағыттарының бірі. Сондықтан осы бағытты таңдауда Мәскеудің мүддесі ескерілген.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ЖЕР СІЛКІНІСІН
ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІ

1 маусымға дейін іске қосылады

Mass Alert жер сілкінісін ескерту жүйесі 1 маусымға дейін Алматыда пилоттық режимде іске қосылады.



Видеопремьер Канат Бозымбаев Алматыда сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кеңес өткізді. Ғимараттардың сейсмикалық тұрақтылығын арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Канат Шарлапаев есеп берді. Ол сейсмикалық деңгейі 7–9 балл болатын алаңдарда тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салу кезінде сейсмикалық оқшаулаудың міндетті жүйесін енгізу туралы баяндады. Нормативтік-техникалық құжаттарға тиісті түзетулер дайындалды.

Канат Бозымбаев халықаралық тәжірибені, оның ішінде жапон тәжірибесін ескере отырып, сейсмикалық қауіпті өңірлердегі нысандарды жобалау кезінде нормаларды қатаңдату жұмыстарын жүргізуді, сондай-ақ акк-

редиттелген зертханаларды қолдана отырып, құрылыс нормаларының сәйкестігін қадағалауды күшейтуді тапсырды. Төтенше жағдай туындаған сәтте азаматтарды уақытылы хабардар ету мақсатында Mass Alert жүйесі биылғы 1 маусымға дейін пилоттық режимде енгізілетін болады.

«Mass Alert» арқылы халықты құлақтандыру желіге қосымша жүктеме тудырмайтын және базалық стансалардың антеннасын жабу аймағындағы барлық абонентті бірден және жаппай хабардар етуге мүмкіндік беретін Cell Broadcast технологиясын пайдалана отырып жүргізіледі, – деді қаласының Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Вице-премьер халықты шұғыл хабардар ету жүйесін іске қосу процесін жеделдетуді тапсырды. Аталған жүйе еліміздің жер сілкінісі қаупі бар барлық өңірлерінде болуы және үздіксіз жұмыс істеуі тиіс. Сондай-ақ, Канат Бозымбаев жер сілкінісі болған жағдайда халықты ақпараттандыруға, құтқару және эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыруға, жылжымалы далалық госпитальдарды өрістетуге қатысты мемлекеттік органдардың іс-қимыл алгоритмін тыңдады. Вице-премьер ТЖМ-ге маусымның бірінші онкүндігінде «Жер» республикалық оқу-жаттығуы барысында алгоритмді сынақтан өткізуді тапсырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сейсмикалық
жаттығу өтеді

Алматы қаласында 21 мамырда, сағат 10.00-де жалпықалалық сейсмикалық жаттығу өтеді.

Құлақтандыру қондырғылары іске қосылған кезде білім беру мекемелерінде, адамдар көп жиналатын орындарда азаматтарды ғимараттардан алдын ала белгіленген қауіпсіз орындарға эвакуациялау элементтерін пысықтай отырып, объектілік сейсмикалық жаттығулар жүргізіледі. Осыған байланысты Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындар мен қала қонақтарына сабыр сақтап, ғимараттардан (тұрғын үй, пәтер) жедел эвакуациялау элементін пысықтауымен қатысуды сұрады.

«Баршаның назарына!» халықты құлақтандыру жүйесінің техникалық дайындығына тексеру жүргізу және сейсмикалық жаттығудың басталуы туралы хабардар етіледі. Алматы сейсмикалық аймақта орналасқан, сондықтан әрбір азаматтың ТЖ кезіндегі және одан кейінгі іс-қимылдарға жеке дайындығы үлкен маңызға ие.

Алматылықтар үшін жер сілкінісі кезінде отбасылық немесе ұжымдық іс-қимыл жоспарын жасау маңызды:

– Жер сілкінісінен кейін отбасыңыздың жиналу орнын алдын ала анықтаңыз.

– Жерасты дүмпуі кезінде әрекет ету үшін үйіңіздегі ең қауіпсіз жерлерді алдын ала анықтау қажет. Мұндай орындарға мыналар жатады: күрделі ішкі қабырғалардың саңылаулары, ішкі қабырғалардан пайда болған бұрыштар (техникалық жоспардан көруге болады);

– Ғимараттан эвакуациялаудың ең қысқа жолын анықтаңыз немесе ғимарат ішінде қауіпсіз орын табыңыз; Жиназдың жоғарғы сөрелерін ауыр заттардан босатыңыз. Тіпті, құлайтын жиназды бекітіп тастау қажет.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ӨМІР-ӨНЕГЕ

АДАМГЕРШІЛІГІ МОЛ АДАМ

Мемлекет қайраткері Сержан Мұсаханұлы құрметіне ескерткіш-тақта орнатылды

Шаһарымызда мемлекет қайраткері және дипломат Сержан Мұсаханұлы Қанапияновтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылуы өтті. Шара жұртшылықтың, мемлекет қызметкерлерінің, Сержан Қанапияновтың әріптестері мен достарының, сондай-ақ көптеген қала тұрғындарының қатысуымен өтті. Олар мемлекеттің дамуына маңызды үлес қосқан азаматты еске алуға жиналды. Салтанатты шарада әріптестері мен жақын туыстары сөз сөйледі. Олар өз сөзінде оның жоғары кәсіби шеберлігін, қажымас қайраттылығын және оның басшылық және достық қасиеттерін атап өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

кеткенге дейін 6 жыл бойы қызметтес болды. Мен оның бойынан Николло Макиавеллиді, Жан-Жак Руссоны көретінмін. Олар үшін елге адал қызмет ету адамдықтың ең биік көрінісі болып табылатын», – деді мемлекет қайраткері Берлин Иришев.

Әріптестердің сөзінен кейін Сержан Қанапияновтың туысы Раушан Қанапиянова сөз сөйледі.

«Ең алдымен, Бақытжан Қанапиянов пен Ерұлан Қанапиянов ағаларымның шақыруын қабылдап, уақыт тауып, келген қонақтарымызға алғысымды білдіремін. Сержан Қанапиянов жастайынан жауапкершілікпен өсті. 13 жасынан бастап 39 жасында 6 баласымен жалғыз қалған анамның көмекшісі, әрі қолғаны болды. Ол туралы көп нәрсе айтпағандықтан, бірақ мен әрдайым аға мен әпке арасындағы қарым-қатынасын ерекше нәзік сезім деп есептеймін. Біз онымен құрдас едік, біз тіпті мемлекетке бірге қызмет еттік», – деді Р.Қанапиянова.

Мемориалдық тақта Төлебаев көшесінің қиылысындағы Гоголь көшесі, 50-үйде орнатылды. Онда Сержан Қанапиянов 1996–1999 жылдар аралығында тұрған. Салтанатты шараны қорытындылаған Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Арман Қалбеков Сержан Қанапиянов есімі халық жүрегінде мәңгілік қалатынына, қоғамға қызметі ұрпаққа үлгі болатынына сенім білдірді.

«Оның есімі еліміздің тарихында мәңгі қалады. Мемориалдық тақтаның ашылуы жұртшылыққа өз білімі мен қиын-жігері арқылы елді көркейткен адамдарды еске алудың, сонымен қатар, құрметтеудің маңыздылығын көрсетеді», – деді Арман Халбеков.

Әріптестерінің бәрі оны жақсы көріп, сыйлайтын. Ол зиялы қоғам өкілдерінің бірі болды. Ол маған алғаш өзінің өлең кітабын беріп, кітаптарын тек жақын адамдарына сыйлайтынын айтты. Ол сөздері үшін мен қатты қуандым. Әрі оның маған деген үлкен сенімі мен құрметінің белгісі деп қабылдадым. Ол адамгершілігі мол, жаны жайсаң адам еді», – деді Сержан Қанапияновтың бұрынғы әріптесі, мемлекет қайраткері Алтай Тілеубердин.

«Біз 6 жыл бірге жұмыс істедік, ол менің жетекшім болды. Ол Қазақстанда алғаш рет доллар мен долларлық төлемдердің пайда болуына үлкен үлес қосты. Мен Францияға



ӘКІМ

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ

364 жобаны ұсынуға мүмкіндік алды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Тұрғындарға ұзақ қызмет етуі тиіс

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Мәселен, Алмалы ауданында абаттандыру бойынша тұрғындардың жобаларына 2 млрд теңге бөлінген.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша аудандағы абаттандыру жұмыстарымен танысып, бағдарлама аясында жаңарған аулаға барды.

М.Мәметова көшесі, 29/41 мекенжайы бойынша аула аумағын абаттандыру жобасын тұрғындардың өздері әзірлеген. Жұмыс барысында аға буын мен жастардың барлық пікірлері мен тілектері ескеріліп, қауіпсіздік, тұрақтылық, жайлылық сияқты критерийлерге ерекше назар аударылды. Жас санаттары бойынша аймақтарға бөле отырып, спорттық және балалар ойын алаңдарын жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Спорт алаңы жаңартылып, демалыс аймағы орындықтармен жабдықталды. Айтпақшы, бұл ауланы осындай кешенді жөндеу 58 жылда алғаш рет жүргізілді.

Атқарылған жұмыстармен танысқан Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мердігерлерге кепілдік міндеттемелері аясында түзетілуі тиіс кемшіліктерді атап өтті. Мегаполис әкімі қала тұрғындарының қатысуымен жайлы қалалық ортаны құруға кешенді көзқарастың маңыздылығын атап өтті. Бұл ретте жасыл желектерді күту мақсатында мұндай жобаларда жасыл желектің сақталуын қамтамасыз ету үшін автосуару жүйелерін, воркаут-аймақтарды күн мен жауын-шашыннан қорғаған жөн. Жалпы, жаңарған аулалар тұрғындарға мүмкіндігінше ұзақ қызмет етуі тиіс.

Бұл жоба 2023 жылы берілген өтінімдер бойынша іске асырылды. Өткен жылы Алмалы ауданында аула аумақтарын абаттандыру және жөндеу бойынша ХҚБ аясында 34 жоба мақұлданды.

Ағымдағы жылы жалпы сомасы 2 млрд теңгеге 52 жобаны іске асыру жоспарлануда. Аулаларды жөндеу, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру және көгалдандыру, сондай-ақ иттерді серуендетуге арналған алаң жасау жоспарлануда.

Тереңкұр қалай өзгереді?

Алматыда 20 жылдан астам уақыт бойы жөндеу жүргізілмеген Тереңкұр абаттандырылады.

Тереңкұр саябақ аймағы су айдынының айналасындағы жалпы ауданы 3,4 га учаскені реконструкциялау жұмыстары маусым айының басында басталады. Бұл аймақ Тәттімбет көшесі мен Достық даңғылына жақын мандағы шығыс бөлікте орналасқан.



Мұнда кең демалыс аймағы, тоған бойындағы серуендеу жолы және өтпелі көпір бар. Әдемі тоғанның аумағында судың жанында өнер көрсетуге арналған сахна болады. Оған қарама-қарсы заманауи ашық амфитеатр орналасады.

Тереңкұрдағы әйгілі ротонда да өзгереді, ол 20 жыл ішінде мүлдем қараусыз қалған.

Келушілердің жайлылығы үшін жаңа балалар және спорт алаңдары, орындықтар мен урналар, жарықтандыру тіректері орнатылады. Ауданы 19,6 мың м² учаскені көгалдандыру, 2,8 мың м² тротуар плиталарын төсеу және автосуару жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жоспарланған.

Реконструкция аясында тоғанды абаттандыру да қарастырылған. Сол себепті, қазіргі уақытта мұнда су жоқ. Жұмыс аяқталғаннан соң су беріледі. Реконструкция келесі айдың басында басталып, ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады. Жаңарған қоғамдық кеңістік учаскені алматылықтар мен қала қонақтары үшін жайлы және тартымды демалыс аймағына айналдырады.

Айта кетерлігі, Тереңкұрдағы денсаулық сақтау 1974 жылы салынған. Бұл аумақ жеке меншікте болды және жөндеу жұмыстары 20 жылдан астам уақыт бойы жүргізілмеген. 2023 жылы учаске коммуналдық меншікке қайтарылды, содан кейін реконструкциялау жөнінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары басталды.

Жаңа сквер салынады

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алмалы ауданындағы жаңа скверді абаттандыру жобасын қарап шықты.

Қала әкімі жергілікті тұрғындардың өтініші бойынша Райымбек – Сейфуллин – Төреқұлов – Мұратбаев көшелерінің маңындағы қираған нысандардың орнына жаңа қоғамдық кеңістік құруды тапсырды.

«Алтын Сапа АЛМ» ЖШС инвесторы Сейфуллин даңғылы бойындағы екі ескі тұрғын үйді және бұрынғы ТҚК ғимаратын бұзған. Әлеуметтік жауапкершілік аясында инвестор өз есебінен Сейфуллин даңғылы мен Мәметова көшесінің қиылысында ауданы 0,30 га жаңа скверді абаттандырады.

Алмалы ауданының әкімі Арман Шамшин қазіргі уақытта сквер пайда болатын учаскеде қаланың жер қатынастары басқармасы 35 меншік иесінің 16-сынан жылжымайтын мүлік сатып алғанын баяндады. Құрылыс жұмыстары жылжымайтын мүлік барлық меншік иелерінен сатып алынғаннан кейін ағымдағы жылдың қазан айына жоспарланған.

Баяндаманы тыңдаған қала басшысы белгіленген жоспарға сәйкес жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Айта кетерлігі, Алматыда Есентай, Үлкен Алматы өзендерінің бойындағы жағалауларға реконструкция жүргізіледі. Пушкин көшесі бойымен Гоголь көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейінгі ұзындығы 1,1 км жаяу жүргіншілер аймағын абаттандыру жоспарлануда.

Мектеп сапалы

жабдықталуы керек

Шаһар басшысы Алматыдағы №70 мектепті күрделі жөндеуді жеделдетіп, білім ордасын қыркүйекке дейін ашуды тапсырды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданын аралау кезінде №70 мектеп ғимаратын күрделі жөндеу және сейсмикалық нығайтудың барысымен танысты.

Шамамен, 30 жыл бұрын салынған 1250 орынды мектепті жөндеу 2022 жылдың қарашасында басталды. Алайда, шартта көзделген жыл ішінде мердігер ұйым жұмыс

көлемінің тек 40%-ын ғана орындаған. Сондықтан Құрылыс басқармасы мердігерге қатысты тұрақсыздық айыбы мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы сотқа талап-арыз берді.

Ағымдағы жылдың сәуір айында жұмыстар қайта жанданып, бүгінгі күні нысанның дайындығы 80%-ға дейін жетті. Шатыр жабыны жабдықталды, инженерлік коммуникациялар жүргізілді, ішкі әрлеу аяқталуда, аумақты абаттандыру және т.б. жүргізілуде.

Мегаполис әкімі ішкі әрлеу сапасына қатысты ескерту жасады, нөсер суларын бұруды қарастыруды тапсырды.

«Бұл мектепті реконструкциялау жобасы 2019 жылы әзірленді және онда біз енгізіп отырған стандарттар ескерілмеген. Сондықтан мектепті сапалы жабдықтауға ерекше назар аудару керек. Барлық жұмыстарды жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқтау қажет», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Ерекше балаларға

арналған колледж

Алматыда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған жаңа оқу корпусы ашылды. Колледж ғимаратын жеке инвестор салды.

Мегаполис әкімі Ерболат Досаев «Алматы мемлекеттік технологиялар және флористика колледжіне» барып, жаңа оқу корпусымен танысты. Өткен ғасырдың 40-жылдарында салынған апатты ғимараттың орнына тұрғызылған жаңа ғимарат инклюзивті білім беру үшін қажетті барлық заттармен жабдықталған, «Алтын Сапа АЛМ» ЖШС жеке инвесторының ақшасына 900 млн теңгеден астам сомаға салынған.

Бүгінде колледжде түрлі мамандықтар бойынша 893 студент оқиды, оның ішінде 195 студент ерекше білім беруді қажет ететіндер. Енді студенттер жаңа технологиялар бойынша салынған бірегей оқу кабинеттерінде білім алады. Жаңа ғимаратта шеберханалар, акт және тренажер залдары, мүгедектерге арналған санитарлық торап, көтергіш, киім ауыстыратын бөлмелер бар.

Колледж инновациялық технологиялармен және оқытудың озық әдістерімен жабдықталған, бұл есту қабілеті шектеулі студенттерге еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды алуға мүмкіндік береді.

Колледждің негізгі міндеттерінің бірі – мүмкіндігі шектеулі студенттерге әлеуметтік көмек көрсету, сапалы білім мен кәсіби даярлыққа жағдай жасау.

Студенттердің келесі мамандықтар бойынша білім алуларына болады: жиназ өндірісі, тігін өндірісі және киімді модельдеу, аяқкиім ісі, автомобиль жөндеу слесары, компьютерлік аппараттық оператор, гүл өсіруші – флорист.

Оқу орнын аралаған Ерболат Досаев оқу процесінің барысымен танысты. Қала басшысы инклюзивті қаланың қолжетімді және сапалы әлеуметтік инфрақұрылымы бар тең мүмкіндіктер қағидаттарын енгізу Алматы әкімдігі жұмысының басты міндеті болып табылатынын атап өтті.

МУЗЕЙ ТҮНІ



тар музейінде танымал дәстүрлі әншілер ән шырқап, түрлі ұлт өкілдері ұлттық музыкалық аспаптарымен өнер көрсетті. «Show Today» командасы көрерменге музейге байланысты тапсырмалар беріп, интерактивтік, интеллектуалдық сайыс ұйымдастырды. Музейтанушылар мен ғалымдар Алматы тұрғындары мен қонақтарына авторлық экскурсиялар өткізіп, интерактивті дәрістер жүргізді. Сонымен қатар, акция аясында 7 музейді қамтитын қызықты квест-ойыны өтті. Қатысушылар музейлер тарихы туралы сұрақтарға жауап берді.

«Бұл акциядан біздің музей де қалыс қалған жоқ. Ықылас атындағы музей республика бойынша тек аспаптарға арналған бірегей музей болып саналады. Соған сай, бүгінгі «Музей түніндегі» бағдарлама ән мен күйге бағытталды. Елімізге белгілі мәдениет және өнер қайраткерлері Сәуле Жанпейісова, Талғат Абуғазымен кездесу болды. Келушілер «Ақ жауын» камералық оркестрінің, Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерінің концертін тамашалады. Бұл музейде 50-ге жуық ұлттың музыкалық аспаптары сақталған. Биылғы акцияда бұған дейін қойылмаған жәдігерді көрсету керек болды. Біз Шәмші Қалдаяқовтың мандолинасын көрермен назарына ұсындық. Бұл аспапты біздің музейге Алтынбек Қоразбаев өткізген болатын», – деді Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің ғылым бөлімінің жетекшісі Жансая Қожахан.

ЖӘДІГЕРЛЕР СЫР ШЕРТКЕН ТҮН

Алматы музейлеріне 12 мың адам барды

Дәстүрге сай 18 мамыр, сағат 18.00-00.00 аралығында қаладағы барлық музейде Халықаралық музейлер күніне арналған «Музей түні – 2024» акциясы өтті. Нөсерлетіп жауған жаңбырға қарамай, музейге келушілердің қарасы көп болды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Бұл түннің басты ерекшелігі – әр музейде бұрын-соңды көрермен назарына ұсынылмаған тарихи жәдігерлер қойылды. Көрме залдарында алғаш рет Шәмші Қалдаяқовтың мандолинасы, Бауыржан Момышұлының жазу машинкасы мен домбырасы, бақсы Сармұқан Бабасұлының қылқобызы, Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің аншылық мылтықтары, Нұрғиса Тілендиевтің жеке камерасы және т.б. экспонаттар қойылды. Дінмұхамед Қонаевтың зейнеткерлікке шыққанға дейін мемлекет қайраткері туралы барлық ақпаратты қамтитын 75 парақтағы жеке ісі көпшіліктің қызығушылығын тудырды. «Өте құпия» белгісі бар құжаттар мұражайға сыйға тартылды және алғаш рет жұртшылықтың назарына ұсынылды. Мұражай залдарында театрландырылған қойылымдар ұсынылды. Тарихи тұлғалар бейнесіндегі актерлер көрерменді таңқалдырды. Мисалы, Орынбордағы Ахмет Байтұрсынұлының өмір кезеңінен көрініс: Ұлт мұғалімі балаларының оқудағы жетістіктерін тексерді. Аумат пен Шолпан өлең оқып, көрермендердің алғысына бөленді. Сондай-ақ, мұражайларда Польша Гурдэ, Роза Бағланова, Бауыржан Момышұлы, Біржан сал, Мұхаметжан Тынышбаев, Сәбит Мұқанов және Ғабит Мүсірепов сияқты тарихи тұлғалардың «қатысуымен» театрландырылған экскурсиялар ұйымдастырылды. Құрманғазы мен Дина өз күйлерін орындады, әртістер Шәмші Қалдаяқовтың және т.б. композиторлардың шығармаларын орындады.

«Бір түнде біздің мұражайларға 12 мыңнан астам адам келді. Әр мұражайда қызықты бағдарламалар дайындалды. Көбісі балаларымен, немерелерімен келді. Сонымен қатар, шетелдік туристер де болды. Жалпы, қала әкімі мұражай ісін дамытуға көп көңіл бөледі. Биыл Алматы музейлері үшін жаңалыққа толы жыл болды. Біздің мамандар әлемнің үздік мұражайларында тағылымдамадан өтуде. Сала қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға көтерілді. Сондай-ақ, биылдан бастап оқушылар үшін музейлерге кіру тегін бол-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ды», – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Мемориалдық мұражайларда өткен кездесулерде тарихшылардың ұрпақтары өмірі мен қызметі туралы қызықты әңгімелер айтты. Сондай-ақ, зияткерлік ойындар, квест, викториналар, қыш және зергерлік шеберлік сабақтары өткізіліп, кішкентай көрермендерге бет бояуы жасалды. Арнайы фотоаймақ-

тарда естелік суретке түсіп, фотостендтің көмегімен 8 мыңнан астам фотосурет басып шығарды.

Акцияға Алматы қаласы музейлер бірлестігінің 8 музейі қатысты. Алматы музейіне келушілер мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне арналған көрмені тамашалады. Ал Ықылас атындағы халық музыкалық аспап-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры:

МУЗЕЙ ҚҰПИЯЛАРЫ АШЫЛДЫ

Акцияның негізгі мақсаты – жұрттың назарын тарихи, мәдени мұраларға аудару. Алматы музейінде Өзбекәлі Жәнібековке арналған көрме ашылды. Ол кісі қазақ мәдениетіне, салт-дәстүріне, елімізде музейлер ашуға зор үлес қосты. Өзбекәлі аға мәдениет саласында қызмет еткен 1971–1991 жылдары Қазақстанда 40 музей ашылды. Сол музейлер туралы архивтік құжаттар ұсындық. Ашылу тарихы, сызбалары, өз қолымен сызған эскиздері, ескек заттары қойылды. Көрме 2 апта өтеді.

Қазақстанда қазір 270-тен астам музей бар. Оның 30-ға жуығы Алматы қаласының аумағында орналасқан. Ал бірлестікке қарасты 8 музей бар. Одан бөлек, Алатау ауданындағы Боралдай сақ қорғандары мен Райымбек батыр даңғылындағы Райымбек батыр кесенесі біздің бірлестікке қарайды. Әр музейдің қорында ешқашан көрмеге ұсынылмаған жәдігерлер бар. Музей түнінің тұжырымдамасына сәйкес, ол жәдігерлер «Музей түнінде» ғана шығарылады. Әр залға бір-бір жәдігерден қойдық. Мәселен, Алматы музейінде 11 зал бар. 11 құнды жәдігер жұртшылықтың назарына ұсынылды.

Экскурсияларды біздің ғылыми қызметкерлер жүргізді. Кәсіби мерекеміз болғандықтан, көрмеден соң музей қызметкерлерін марапаттадық.

Музей – көненің көзі. Кез келген ұлттың тарихын, мәдениетін білгісі келсе, алдымен музейіне барады. Сондықтан музей қызметінің алар орны ерекше.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Елімізде
271
мемлекеттік музей бар.



Қазақстанда «Музейлер түні»
акциясы
2006 ЖЫЛДАН БАСТАП
ұйымдастырылып келеді.



Алматы қаласы музейлер
бірлестігіне қарасты
8 музейде барлығы
66021
жәдігер бар.



«Музейлер түні» алғаш рет
1997 ЖЫЛЫ
Берлинде өтті.





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

СЕРІКТЕСТІК

«ALATAU AQPARAT» МЕДИАХОЛДИНГІНДЕ

шетелдік студенттер тәжірибеден өтуде

Дәстүрлі және жаңа медиаларды біріктірген «Alatau Aqparat» медиахолдингі ірі ақпараттық өндіріс базасына айналып келеді. Ұжым бүгінде өз аудиториясына сапалы ақпаратты жеткізуші ғана емес, болашақ мамандар үшін нақты практикалық алаң да ұсына алады. Қазір медиахолдингіте отандық жоғары оқу орындарының студенттерімен қатар шетелдік жастар да өндірістік тәжірибеден өтуде.



Естай
БОЖАН

Айталық, жақында Стамбулдағы Ай-Долы Доған Кәсіптік және техникалық Ана-долы лицейінің шәкірттері «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттері мен сайттарында тәжірибеден өте бастады. Түркиялық студенттер үшін 88 жылдық тарихы бар дәстүрлі медианың

мол тәжірибелік базасы және бүгінгі ақпараттық қоғамдағы қызметі мейлінше қызығушылық тудырады. Ал медиахолдингіміз бен оқу орны арасындағы серіктестік келісім қазақ-түрік жастарының тәжірибе алмасуына мүмкіндік беруде. Әрі мұндай серіктестік алғаш рет жүзеге асырылуда.

Анадолы лицейінің шәкірттері Аслынұр Жерен Генч, Хюсна Гиргин, Пелин Аргун өздерінің тәжірибелік іссапарын бастап кетті. Олар алғашқы адымда медиахолдинг

басшылығымен кездесіп, редакциялардың жұмысымен танысты. Ұжымдағы жас мамандармен екі елдегі баспасөздің ерекшелігі, дәстүрлі медиа мен жаңа медианың дамуы туралы пікір алмасты.

Түркиялық жастарды бастап келген жетекшісі Ашин Құл тәжірибелік сапарының мақсатын былай деп түсіндіреді: «Біз бауырлас Қазақ еліне арнайы іссапармен жеттік. Мақсат – қазақ-түрік білім мен ғылымын ұштастыру. Сондай-ақ, өзімізге қажетті практикадан өту. Соның ішінде журналистиканың қыр-сырын меңгергіміз келеді. Негізінен, баспасөздің тыныс-тіршілігін шәкірттер өз көзімен көріп, верстка процесіне үйренсе дейміз. Бұл тәжірибелерді бауырлас елден қабылдаудың мәні мүлде басқаша. Сондықтан екі ел

арасындағы достық, бауырластық, әріптестік нығая берсін деп тілейміз».

Аслынұр Жерен Генч Қазақ еліндегі сапарында бауырлас елдегі журналистиканың өзгеше үлгілерін қабылдап, қосымша қазақ және орыс тілдерін үйренуге келгенін де жеткізді. «Суретке түсіру, хабар дайындау, бет дизайнын жасау сынды жұмыстарды бұған дейін де меңгердім. Осы елде саладағы өзгеше тәжірибелерді қабылдап, қазақ және орыс тілдерін меңгерсем деймін. Сол арқылы өзімізді дамытуды жоспарлап келдім», – дейді Аслынұр.

Айта кетейік, түркиялық шәкірттеріміз тамыз айына дейін өндірістік тәжірибеден өтетін болады. Алдағы уақытта оқырмандарымыз аталған шәкірттердің сапалы материалдарымен жүздеседі деп үміттенеміз.

ҮЗДІКТЕР

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматы театрының сахнасында «Ticketon Awards» премиясының концерттік кеші ұйымдастырылды

Алматы театрының сахнасында «Ticketon Awards» сыйлығының жеңімпаздары марапатталды. Халықтың дауыс беруі арқылы мәдениет, өнер, спорт және қоғамдық өмір салаларының үздіктері анықталды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Дауыс берушілер 8 ақпан мен 11 наурыз аралығында 34 номинация мен 7 санат бойынша 300-ден астам қатысушының ішінен өз таңдауын жасады. Әрбір қазақстандық мәдениет және спорт саласына елеулі үлес қосқандар үшін дауысын бере алды. Барлығы 150 мыңнан астам дауыс берілді.

«Қазақстанның жыл әртісі» номинациясы бойынша 1011 дауыс жинаған Садраддин жеңімпаз атанды. «Жылдың концерттік гастрольдік іс-шарасы» номинациясында танымал рэп әншісі 50 Cent концерті 878 дауыс жинап, жеңіске жетті. Ол былтыр 28 қараша күні Алматыда «The Final Lap Tour» туры аясында өтті.

«Жылдың үздік киноактері» номинациясында «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмінде басты рөлді сомдаған Бақыт Қажыбаев 2647 дауыспен жеңіске жетті. Дауыстарды санау қорытындысы бойынша «Жылдың үздік киноактрисасы» номинациясына Дариға Бадқыова ие болды. Актриса «Таптым-ау сені» комедиясында басты рөлді сомдады әрі ол осы фильмінің продю-



сері. Жеңімпаздардың толық тізімі <https://award.ticketon.kz/> сайтында жарияланған.

Биыл жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне 700-ге жуық көрермен жиналды.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері, театр және кино актерлері, театр, кино-театр жетекшілері, блогерлер мен спортшылар, сондай-ақ ивенттің серіктестері қызыл кілеммен жүріп өтті.

«Былыр еліміз үшін өнер, спорт және мәдени шаралар бойынша рекордты жылдардың бірі болды. Мұны өткен жылы билет

сатудан рекордтық деңгейге жеткен Ticketon порталынан көруге болады. Біздің елдегі өнер индустриясы қазір шынымен өркендеу үстінде, ал талантты бағалаудың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Туған елінде де, шетелде де жетістіктерге жетіп жүрген азаматтар көбейіп келеді. Біз елімізде өнердің дамуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, ал Ticketon заманауи технологияларды қолданысқа енгізу және бұл процесті мүмкіндігінше цифрландыру, іс-шараларға қатысуды одан да ыңғайлы ету үшін қолдан

келгеннің бәрін жасауда», – деді Freedom Holding Corp басшысы Тимур Турлов.

«Біз жүлдемізді осымен жетінші рет беріп отырмыз. Еліміздегі табиғи апатқа байланысты шараны кейінге қалдырдық және бірнеше апта бұрын сайтымызда қайырымдылық акциясын бастаған болатынбыз. Жиналған қаражатты көмекке мұқтаж жандарға аударамыз», – деді Freedom Ticketon компаниясының бас директоры әрі марапатты ұйымдастыру комитетінің төрағасы Виктория Торгунакова.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

ЖЕР-АНАНЫ
САҚТАЙМЫЗ!

Медеу ауданының комьюнити-орталығының есігі бір жабылмайды. Тұрғындар мұнда өздерінің бастамасын, кейде بازیнасын айтып бас сұғады. Дені – сүйікті қаласының бүтінi мен ертеңiне алаңдайтынын бiлдiрiп келедi. Олардың қатары күн сайын көбеймесе, азаяр емес. «Таза Қазақстан» республикалық акциясының «Өнегелi ұрпақ» апталығы аясында басталған эко-жұмыстар әлi жалғасып жатыр.

Туған өлкесінің тағдырына бей-жай қарамайтын белсенді қала тұрғындары, зейнеткерлер тұрмыстық қоқысқа жататын қауіпті қалдықтарды арнайы орынға әкеліп тапсыруды әлі де жалғастырып жатыр. Медеу ауданының Назарбаев көшесі бойындағы №37 үйде орналасқан Алматы комьюнити-орталығында «Батареяны тапсыр – жердің денсаулығын сақта» атты ұранмен басталған акцияға тұрғындар әлі де белсене атсалысып жатыр. Қолға алынып отырған шара өте маңызды. Өйткені, жарамсыз батареяның зияны мен денсаулыққа тигізетін қауіпі туралы біз біле бермейміз. Кейде тіпті кішкентай балалар батареямен ойыншық ретінде ойнап отырғанын көзіміз шалады. Қауіптен балаларды қорғаудың орнына жарамсыз батареяларды кез келген жерге тастай саламыз. Оның төңірекке қаншама зиянды қауіп төндіретініне мән бермейміз. Міне, Алматының белсенді жастары осы бастаманы қолға алып, Жер-Анаға араша болып отыр.

– Біз жарамсыз батарейкаларды қабылдап, тиісті орындарға тапсырамыз. Бір гана батарейканың улы зияны 20 шақырым жер мен 400 литр суды бүлдіреді екен. Бұл өзі кішкентай болса да зияны өте қауіпті. Қазір жарамсыз батарейкалар қаланың әр бұрышында шашылып, қоқыс жәшігінде толып жатыр. Алғашқы акциямызға 700 адам қатысқан еді. Қазір тұрғындар өз еріктерімен жарамсыз батареяларын осында әкеліп өткізіп жатыр. Қазір біздің қабылдау нүктелеріміз қаланың 8 ауданында да бар, – дейді Медеу ауданы комьюнити-орталығының басшысы Рустам Қайрыев.

ТЕСТІЛЕУ

НЕГІЗГІ ҰБТ БАСТАЛДЫ

Мектеп түлектері үшін жауапты кезең келді. Еліміздің 14 аймағында негізгі ҰБТ басталды. Ал табиғат апаты орын алған 6 өңірде биыл ҰБТ 25 мамырда басталады.



Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының директоры Болатбек Әбдірәсіловтің айтуынша, биыл талапкерлер негізгі ҰБТ-ны 2 рет тапсырады. Оған қазірдің өзінде 330 мыңға жуық өтініш қабылданып, 181 мыңы

тестілеуге қатысуға ниет білдірген көрінеді. Жалпы, ҰБТ жылына 5 рет өтеді. Ол 3 рет – ақылы негізде, ал негізгі ҰБТ нәтижесі бойынша талапкерлер грантка ие болу конкурсына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ТЕКСЕРУ ТЫҚЫРЫ ТАЯНДЫ

Бұдан былай еліміздің білім беру ұйымдарында болатын тексерулер аяқастынан келуі мүмкін. Енді жоспардан тыс тексерулерді алдын ала ескертусіз-ақ жүргізе беретін болады.

Мұндай мәліметті Оқу-ағарту министрлігі де нақтылап отыр. Тиісті сала өкілдерінің айтуынша, биыл сәуір айында әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңға қол қойылды. Заң шеңберінде жоспардан тыс тексерулерді жүргізу тәртібі де өзгертілді.

Сондықтан еліміздің білім беру ұйымдарында жоспардан тыс тексерулерді субъектіні алдын ала хабардар етпей және тексеру тағайындау туралы актіні тіркеусіз-ақ жүргізе беретін болады.

Сонымен, аталған норма балалардың құқығы бұзылған жағдайда тексеруге дайындалу мүмкіндігін болдырмайды. Бұл мемлекеттік органдар тарапынан жедел реакция бұзушылықтарды анықтауға және болашақта осындай жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Балалардың құқығын қорғау мақсатында Балалардың құқығын қорғау комитеті білім беру ұйымдарына тұрақты негізде тексерулер жүргізуге құқылы. Мұндай іс-шаралар республика бойынша жаңа нормаларға сәйкес жалғасатын болады.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

ЖАЛАҚЫ ТАҒЫ ДА ӨСЕДІ

Ел экономикасы артқан сайын азаматтарымыздың да әл-ауқаты жақсара түсуде. Бұған дәлел – білім жүйесінің қызметкерлерінің жалақысы тағы да өсетін болды. Мемлекет басшысы педагогтар, ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер үшін төленетін ай сайынғы қосымша ақы мөлшерінің өсетіні туралы тиісті заңға қол қойды.

Бұл құжат педагогтар мен ғылыми қызметкерлердің материалдық жағдайын жақсартуға бағытталған. Сонымен, заң шеңберінде белгілі бір ғылыми дәрежесі мен атағы бар педагогтар үшін ай сайын төленетін қосымша ақы мөлшері ұлғайтылды. Мәселен, философия докторы /PhD/, бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және қауымдастырылған профессор, доцент атағы үшін төленетін қосымша ақы – 25 АЕК /92 300 теңге/. Ал ғылым докторы және доцент ғылыми атағы үшін 42 АЕК /155 064 теңге/, философия докторы /PhD/, бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежесі және профессор ғылыми атағы үшін 50 АЕК /184 600 теңге/ мөлшерінде қосымша ақы төленеді. Сонымен қатар, ғылыми дәрежелері мен атақтары үшін ай сайынғы қосымша ақы негізгі жұмыс орнында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғылыми қызметкерлерге де белгіленіп отыр.

ТАҒЫЛЫМДАМА

Германия парламентінің де жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен ондаған жас маманды тағылым-дамадан өтуге шақыратын жақсы дәстүрі бар. Олардың қатарында биыл қазақстандықтар да бар. Қазір Алматыдан барған жастар Германия парламентінде тағылымдамадан өтіп, бес ай бойы Бундестаг жұмысымен танысып, білімдерін жетілдіріп қайтпақшы.

ЖАСТАР ҮШІН
ЖАҢА МҮМКІНДІК

Сондай-ақ, Бундестагта тәжірибе жинауға әлемнің 42 мемлекетінен 96 қатысушы келіп отыр.

Мұндай тағылымдамадан өтудің тағы бір тұсы бар. Ең алдымен, іріктеуден өтудің өзі оңай емес. Ол үшін неміс тілі мен саясатын жақсы біліп, екі кезеңнен тұратын сұхбаттан өту керек. Жолы болып, бағы жанған жастар осы тағылымдамадан өту арқылы өз елінің дамуына елеулі үлес қосатын болады. Қазіргі таңда стипендиаттар уақытының

біршама бөлігін Бундестагта өткізіп, онда жергілікті халық қалаулыларымен бірге депутат бюросында жұмыс істейді. Жалпы, тағылымдамадан өтіп жатқандар көбіне сараптамалық құжаттар дайындаумен айналысады.

Сонымен қатар, жиындар мен отырыстарға қатысып, Германияда заңның қалай қабылданатынын бақылай алады. Германияда заңның қалай қабылданатынын, депутаттардың қалай дауыс беретінін көре алады.

БӘРЕКЕЛДІ!

Қазіргі кезде дронды үлкен жарыс, мерекеде ғана емес, отбасылық жиын-тойларда да кеңінен қолданып жүр. Алғашында аспанда ұшып жүрген «ғаламат құстың» кереметтігін түсіне бермеуші едік. Уақыт өте қалқып жүріп-ақ бір кісінің жұмысын өзі-ақ тындыра беретініне тәңті болдық.

ЕЛІМІЗДЕ ДРОН
ФАКУЛЬТЕТІ АШЫЛАДЫ

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі делегациясының Оңтүстік Кореяның сапары барысында Джей және Шинхан университеттерінде болған сапары кезінде қол жетіп отыр. Осы сапарда олар дәріске қатысып, дрондарды жасау үшін инженерлерді оқыту үдерісімен танысып қайтты.

Сонымен, енді корейлік профессорлар Қазақстанда дрон саласына қажетті мамандарды даярлайтын болады. Мәселен, Джей академиясында жоғарғы сынып оқушыларынан бастап нақты өндірісте жұмыс істейтін адамдарға дейін арнайы соларға мамандандырылған бағдарламалар бар көрінеді.

Біздің елімізде де сол бағдарламаларды қолдана отырып, мамандар дайындайтын болады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



ТӘЖІРИБЕ

Алматыдағы «Керуен-Medicus» клиникасында әйгілі Шарите клиникасының (Германия) профессоры, медицина ғылымының докторы Вольфганг Генрихпен кездесу болды. Екі тараптың жүздесуінің мақсаты – серіктестік қатынастар аясында тәжірибе алмасу. Іс-шараның ашылу салтанатында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова сөз сөйлеп, медицина мамандарына сәттілік тіледі.

АНА мен СӘБИ

Германиядан келген дәрігер алматылық мамандар үшін семинар өткізді

Доктор Вольфганг Генрих – акушерлік және гинекология саласындағы ең танымал сарапшы, Шарите клиникасының акушерлік департаментінің директоры және ультрадыбыстық диагностика жетекшісі.

Шетелдік маман алматылық әріптестеріне, яғни акушер-гинеколог дәрігерлерге Шарите клиникасының тың жетістіктерін баяндай отырып, озық тәжірибелерімен бөлісті. Мәселен, жүкті әйелдерге жасалатын шұғыл хирургия тәсілдері, босану кезінде шамадан тыс қан кету кезіндегі жедел әрекет ету жолдары, сондай-ақ «акушерлік сепсис, септикалық шок» тақырыптарын кеңінен қаузады. Сондай-ақ, доктор Вольфганг Генрих перзентханада пациенттерді қабылдап, кенес берді.

Шарите клиникасы Еуропадағы ең ірі және жетекші медициналық мекемелердің бірінен саналады. Клиника әлемдегі ең озық медициналық құрал-жабдықтармен жарақталған. Мұнда Нобель сыйлығының лауреаттары да білім алған. Аты дүрілдеп тұрған Шарите өкілінің Алматыға келуі үлкен жаңалық болғаны сөзсіз. Сондай-ақ, оның отандық мамандарға әр сөзін видеослайд арқылы баяндап тұруы нағыз тәжірибе алмасу көзі болды десек, артық айтқандық емес.

Иә, медицинадағы бүгінгідей елеулі жетістіктерге қарамастан, уақытылы диагностика жасау және тиімді емдеу медицина мамандары үшін маңызды қадам болып қала береді. Бұл кездесу ана мен сәби өмірінің қорғаушылары үшін, яғни дәрігер-мамандарға үлкен тәжірибе алаңы болды.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

Витаминдердің жетіспеушілігін нақты қандай белгілер бойынша анықтауға болатыны туралы бізге Алматының №11 қалалық емханасының жалпы практика дәрігері Ерғали Құрмашев айтып берді.

ДӘРУМЕН

жетіспейтінін қалай білуге болады?



«Ағзасында әлдебір белгілер анықталғаннан кейін пациенттер тіркелген жеріндегі емхана дәрігеріне барып, витамин тапшылығын растай алады. Сондай-ақ, бас көтеруі мүмкін аурудың алдын алуға болады. Көрсетілімдер болған жағдайда, сақтандырылған пациенттер қажетті сынақтарды тапсырып, МӘМС пакетінде диагностикадан өте алады», – дейді дәрігер.

Сіздің ағзаңызда витамин тапшы екендігін қалай білуге болады?

- **шаштың түсуі – темір, мырыш тапшылығының белгісі;**
- **аяқтың құрысуы – магний;**
- **құрғақ тері – А және Е дәрумендерінің;**
- **қатты шаршау – темір, Д витаминінің;**
- **дененің тез көгеріп қалуы, ұсақ жаралардан қан кету – К және С;**
- **жиі суықтап қала беру – мырыш, С және Д;**
- **тырнақтардағы ақ дақтар – мырыш;**
- **тіс сапасының нашар болуы –**
- С дәрумені мен кальцийдің;**
- **сезімтал болудан қалу, ұйқы басу – В12 витаминінің;**
- **тері пигментациясының бұзылуы (жеңіл дақтар) – мыс тапшылығының белгісі.**

СӘТТІ ОТА

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Алматылық гематологтар мен травматологтар күрделі гемофилия диагнозы қойылған науқастың өмірін сақтап қалды

Алматылық гематологтар мен травматологтар күрделі гемофилия диагнозы қойылған науқастың аяғына ота жасап, өмірін сақтап қалды. Иә, Орталық қалалық клиникалық ауруханада дәрігерлер күшін һәм кәсіби шеберлігінің біріктіре отырып, күрделі мәселенің шешімін тауып, науқастың толыққанды өмір салтына орала алатынына үміт сыйлады.

Жағдайды толығырақ баяндар болсақ, аталған ауруханаға екі жіліншік сүйегі сынған 37 жастағы науқас келіп түседі. Ол аулада ойнап жүрген баласына көмектесемін деп жүргенде абайсызда жарақат алған. Ал оған ота жасау қиынға соққан. Себебі, науқас гемофилиямен ауырады екен. Яғни онда қанның ұю қабілеті жок. Демек, тек ота кезінде ғана емес, кез келген жарақат салдарынан да көп қан жоғалтуы мүмкін.

Травматологтар Берік Ерғалиев, Дәулет Чукманов және гематологтар Нұрайля Нұраш, Сәуле Қыстаубаева және Ирада Биженовалардың бірлескен күш-жігерінің арқасында, өзекшені пайдалана отырып, «жіліншік сүйектерінің сынуының жабық репозициясы және жабық блоктаушы интрамедуллярлық остеосинтезді пайдалану» арқылы ота сәтті жасалды.

– *Науқаста көп қан жоғалту қаупі басым болды, яғни қан кеткен жағдайда біз оны тоқтата алмаймыз. Бірақ ота барысында қанның ұюын бақылап, оны қан жоғалту қаупінен сақтауды қамтамасыз еткен гематологтарымыздың арқасында біз сәтті жасап, науқасты аяғына тұрғыздық. Ол операциядан кейінгі төртінші күні гематологтардың сәтті көмегі мен қолдауының арқасында үйге шығарылды,* – дейді Берік Ерғалиев.

КЕРЕК КЕҢЕС

ТЫРНАҚ етті тесіп өссе не істейміз?

Тырнақ ұшының етті тесіп өсуі аяқтың башпайларында жиі кездеседі. Ол ересектерде де, балаларда да болады. Мұндай жағдайда бақай ісініп, қызарып, қатты ауырады. Адам үсті жабық аяқкиім кие алмай қалады. Қозғалысы да, жүруі де қиындайды.

Ауырғанын елемеген жағдайда тырнағы зақымданған башпай қатты ісініп, ауру мүлдем өршіп кетеді. Ондайда тырнақтың түбі іріңдеп, көкшіл-қызыл түске енеді. Содан іріңді инфекциялық кесел пайда болады. Инфекция одан әрі дамып, ірің сүйекке шапқан жағдайда кесел остеомиелитке ұласады. Басты себептері: аяқкиімнің тар болуы немесе аяқты қажаяуы; майтабандық және табанда басқа да кеселдің

болуы; табанның «грибокқа» ұшырауы; тырнақтың тұқым қуалайтын зақымдары; башпайдың тырнақтарын алған кезде оның ұштарына зақым келтіріп алу немесе түбінен алып тастау; тырнақтың түрлі жұқпалы кеселдерге шалдығуы, жарақаттануы.

Тырнақ ұшының етті тесіп өсіп, башпайларды іріңдетуі, әсіресе, қант диабетіне шалдыққан, аяқтағы қан тамырлары зақымданған, қан айналымы бұзылған, иммунитеті төмендеген науқасқа өте қауіпті. Ондайда бақайдан басталған ауру аяққа тұтас жайылып кетуі мүмкін. Кеселдің алдын алу немесе әрі қарай өршітпеу – өз қолыңызда Ол үшін реті келген жерде жалаңаяқ жүрген жақсы. Кешкілік ұйқыға жатар алдында аяқты фурациллин немесе марганцовка езілген жылы суға салған дұрыс. Аяққа шақ, қонымды аяқкиім киіп жүру де маңызды. Сосын тырнақты дұрыс алып үйренген абзал. Есіңізде болсын, ауру асқынған жағдайда оны тек ота жасау арқылы емдеуге тура келеді. Сондықтан жоғарыда айтылған аз-кем кеңесті есте ұстаған абзал.

МАМАН ПІКІРІ

АНЕМИЯ себептері, белгілері және емі қандай?

Анемия – бұл қызыл қан жасушалары (эритроциттердің) деңгейінің немесе қандағы гемоглобин концентрациясының қалыпты жағдайдан төмен деген сөз. Ал бұл ағзаның мүшелері мен тіндеріне оттегінің жеткілікті дәрежеде жетпеуіне әкеліп соқтырады. Анемияның себептері, белгілері және емі туралы бізге №16 қалалық емхананың терапевті Айгерім Лаева-Тен айтып берді.

Дәрігердің айтуынша, анемия – түрлі себептерге байланысты пайда болуы мүмкін және белгілері де әртүрлі болып келетін ауру.

АНЕМИЯНЫҢ СЕБЕПТЕРІ:

- ағзада темірдің (темір тапшылығы анемиясы);
- В12 витаминінің немесе фолий қышқылының жетіспеушілігі;
- обыр, созылмалы қабыну процестері, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі сияқты созылмалы аурулар;
- генетикалық бұзылулар (талассемия, гемоглобинопатия);
- жарақаттан, операциядан немесе етеккір келген кезде қан жоғалту.

АНЕМИЯ БЕЛГІЛЕРІ:

- әлсіздік, шаршау;
- тері мен шырышты қабаттардың бозаруы;
- бас айналу, енгіту;
- концентрацияның төмендеуі, есте сақтау қабілетінің бұзылуы;
- аяқ-қолдардың үнемі мұздай болып тұруы;
- тәбеттің төмендеуі және салмақ жоғалту.

АНЕМИЯНЫ ЕМДЕУ:

Бұл аурудың ем-домы оның түріне және себептеріне байланысты болып келеді дейді дәрігер. Негізгі емдеу әдістеріне мыналар жатады: темір жетіспеушілігі жағдайында В12 дәруменін немесе фолий қышқылы бар препараттарды қабылдау; егер анемия созылмалы аурулардан туындаса, негізгі ауруды емдеп алу; ауыр анемия немесе жедел қан жоғалту жағдайында қан трансфузиясы; эритропоэзді ынталандыратын препараттарды қабылдау (эритроциттердің түзілуі); белгілі бір жағдайларда эритроциттердің өсуіне арналған препараттарды қолдану немесе сүйек кемігін трансплантациялау.

«Анемияның жоғарыда айтылған белгілері пайда болған кезде диагностика жүргізу және емдеудің ең тиімді әдісін анықтау үшін дәрігермен кеңесу маңызды. Анемияның алдын алу дұрыс тамақтанумен (темір мен дәрумендерге бай асты тұтыну), тұрақты медициналық тексерулермен және басқа ауруларды уақытылы емдеумен байланысты», – деді Айгерім Лаева-Тен.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

СҰХБАТ

Былтыр елімізде өткен Спартакиада нәтижесі бойынша үздік болған Алматы талантты спортшылардың қаласы екені сөзсіз. Қазірдің өзінде Алатау баурайында тәрбиеленген таланттар биыл Парижде өтетін олимпиадаға 8 жолдама жеңіп алды. Осы орайда, Алматы қаласының Мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебінің басшысы Еркін Қазыбаевпен әңгімелесіп, олимпиадаға аттанатын алматылық спортшылардың дайындығы жөнінде сұрадық.



ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР?

– Алматылық спортшылар бүгінге дейін қанша олимпиада лицензиясын алып үлгерді және әлі де нешеуін алуы мүмкін?

– Мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебінің міндеті мен қызметі – ҚР Ұлттық құрама командасына резервтер дайындау. Біздің базамызда жазғы олимпиадалық спорт түрлері бойынша ересек спортшылар дайындалады. Алматы қаласы бойынша қазіргі таңда 8 лицензия бар. Республика бойынша жолдама санынан екінші орындамыз. Қазіргі таңда 4 лицензия нысана көздеу спорты бойынша, 2 лизенция спорттық гимнастикадан, 1 жолдама ескек есу спортынан және тағы біреуі семсерлесуден алынды. Нысана көздеуден жолдама алғандар – Ислам Сәтбаев, Константин

Малиновский, Арина Алтухова және Александра Ле. Спорттық гимнастикадан лицензияны – Милад Карими мен Нариман Курбанов жеңіп алды. Семсерлесуден Әйгерім Сарыбай, ал ескек есуден Тимур Хайдаров пен Сергей Емельянов жолдама алды. Сондай-ақ, қазір үміт артып отырған 6 спортшымыз бар. Олар: үстел теннисінен Сарвиноз Миркадырова, құзға өрмелеуден Ришат Хайбуллин, әйелдер боксынан Назым Қызайбай, дзюдодан Ғұсман Қырғызбай, жеңіл атлетикадан Кристина Овчинникова және Кристина Морозова. Бұл спортшылар маусымның аяғына дейін әртүрлі лицензиялық жарыстарға қатысады.

– Қазір Парижде аттанатын спортшыларымыз қай жерде дайындықтан өтуде?

– Ұлттық құрама команданың өзінің дайындық бағдарламасы бар. Оларды Республика қаржыландырады. Қазір біздің спортшыларымыз Ұлттық құрама сапында дайындалып жүр. Біз өзіміз қала тарапынан Кристина Овчинникованы Еуропадағы 3 турнирге қатысып, ұпай жинауға жіберіп жатырмыз. Егер рейтингте көтеріліп, алдыңғы 32 спортшының қатарына кірсе, жолдама алады. Ал өткен Токиодағы олимпиадаға Алматыдан 7 спортшы қатысқан еді. Қазір ол нәтижеден асып тұрмыз және үміттеніп отырған 6 адамнан кемі 2-3 лицензия аламыз деген ойдамыз. Ғұсман Қырғызбай қазір рейтингке кіріп тұр. Енді Абу-Дабиде өтетін әлем чемпионатында жақсы күресіп жіберсе, ол да жолдама алады деп ойлаймын.

– Қай спорт түрлерінен лицензия ала алмай қалдық және оның себебі неде?

– Әйелдер күресінен, ауыр атлетикадан жолдама алынбай қалды. Әйелдер күресінен 50 келіде Лаура Ғаниқызы ұлттық құрама сапындағы ең жас спортшы болды. Оған әлі физикалық дайындығын көтеру керек. Өйткені, жас спортшы, буыны қатпаған. 2028 жылғы олимпиадаға жақсы дайындықпен келеді деп ойлаймын. Жалпы қазіргі нәтижені көтеру үшін бізге олимпиада ойындары біте салысымен 4 жылдық жоспар жасауымыз қажет. Әр спортшыға жеке мақсаттық бағдарлама жасап, 4 жылға дейін мақсатты түрде спортшыларымызды дайындайтын болсақ, сол кезде нәтиже бере аламыз. Оның ортасында 2026 жылы бізде Азия ойындары бар. Ол бір сынақ болады. Сондықтан олимпиада аяқталған соң осы жұмысты бастап кетуіміз керек. Бұл бір ғана жаттықтырушының жұмысы емес. Спорттық дәрігерлер, психологтар, спорттық массажистер – барлығын бір жүйеге келтіруіміз керек.

– Болашақта скейтбординг, брейк-данс сынды жаңа спорт түрлерінен алматылық спортшылардың олимпиадаға жолдама алуы мүмкін бе?

– Барлық өңірлермен салыстырғанда ең көп спорт түрлері дамып жатқан қала – Алматы. Ұлттық құрама сапында спортшылардың ең көбі Алматы қаласынан қосылады. Өткен жылы жазғы Спартакиада өтті, оны 4 жылда бір рет өтетін Қазақстанның олимпиадасы десек болады. Сонда алматылық спортшылар 84 алтын, 71 күміс, 73 қола жеңіп, жалпыкомандалық есепте бірінші болды. Ал скейтбординг, брейк-данс сынды спорт түрлерінен дайындауға біздің климаттық жағдай сәйкес келеді деп ойлаймын. Сондай-ақ, мегаполисте жастар көп. Сондықтан қаламыз брейк-данс сынды спорт түрлерінің дамуына қолайлы. Ал құзға өрмелеу бізде жақсы дамыған. Одан Токио олимпиадасына Ришат Хайбуллин қатысқан болатын. Ал киберспорт қазіргі заман талабына байланысты дамып келе жатыр. Бірақ меніңше, киберспортты жазғы олимпиадаға қосудың қажеті жоқ. Оны интеллектуалды шахматтан өтетін олимпиадаға қосқан дұрыс болады. Себебі, дәстүрлі спорт түрлері физикалық тұрғыда өтеді. Ал мұнда адамның ойлау қабілеті бойынша өтеді, яғни физикалық дайындықты қажет етпейді.

– Әңгімеңізге рахмет!

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ



ҚОЛА ЖҮЛДЕНІ ЖЕҢІП АЛДЫ

Қазақтың нар қызы тағы бір белесті бағындырды. Дзюдодан Абу-Дабиде өтіп жатқан әлем чемпионатында қазақстандық балуан Әбиба Әбужақынова 48 келі салмақта қола жүлдегер атанды.

Спортшы үшінші үшін белдесуде түрік қызы Тугше Бедердің осал тұсын тауып, тапқырлық танытты. Осылайша Әбиба қызымыз байрақты бәйгеде әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері атанды. Бұған дейін Әбиба 2022 жылы Ташкентте де тұғырдың үшінші сатысынан көрінгені белгілі.

Спортшы қызымыз жарысты екінші айналымнан бастап, алдымен Түркия, сосын Словакия мен Бразилия құрамасының спортшыларынан басым түсті. Ал жар-

тылай финалда моңғолиялық дзюдошы Баасанху Бавудоржға қосымша уақытта (golden score) есе жіберіп алған болатын.

Әлем чемпионатының жеңімпазы олимпиадалық рейтингте – 2000, күміс жүлдегер – 1400, ал екі қола жүлдегер 1000 ұпайдан алады. Сәтін салса, Абу-Дабидегі додадан кейін рейтинг түзіліп, Парижде баратын спортшылар анықталады.

Кеше кешкісін Алматы әуежайында қалалықтар Әбиба Әбужақынованы күтіп алды.

КОНГРЕСС

ӘСКЕРИЛЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Танзания астанасы Дар-эс-Саламда CISM халықаралық әскери спорт кеңесінің 79-шы Бас ассамблеясы мен конгресі өтті.

Әлемдегі ең ірі пәнаралық спорт ұйымдарының бірі саналатын Conseil International du Sport Militaire 140 елдің әскери қызметшілерін біріктіреді. Ұйымның «Спорт арқылы достық» деген ұраны CISM-тің негізгі мақсаты бейбітшілікті нығайту құралы ретінде Қарулы күштер арасындағы спорт пен дене шынықтыруды дамыту екенін көрсетеді.

Жиынға қатысушылардың баяндамаларында спорттың дипломатиялық құрал ретіндегі ықпалына және спортты дамыту стратегияларына баса назар аударылды. Сонымен бірге, 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту мәселелері талқыланды.

ҚР ҚМ Спорт комитетінің төрағасы – Орталық спорт клубының бастығы, полковник Арман Әбеуов қазақ күресінен әскери қызметшілер арасында CISM бірінші Әлем чемпионатын 2025 жылғы жоспарға енгізу мәселесі бойынша баяндама жасады. Ол



қазақ күресінің тарихы туралы айтып, мұндай турнирді ұлттық спортты дамыту және қазақ күресін әлемдік деңгейде насихаттау мақсатында өткізу жоспарланып отырғанын атап өтті. Ең көне ұлттық спорт түрі әрі халқымыздың мәдени құндылығы ретінде балалар мен жастар арасында кеңінен танымалдығына және бүкіләлемдік ЮНЕСКО ұйымы мойындағанына тоқталды.

– Біздің еліміз ірі спорттық іс-шараларды өткізуде тәжірибеге бай. Сол себепті, елордада әлем чемпионатын лайықты ұйымдастыруға бар күшімізді саламыз. Бізге көрсетілген сенімі үшін

әлемдік күрес ұйымына алғысымды білдіргім келеді. Әскери спорт дәстүрлерін нығайту мен арттыру ісінде әріптестікті одан әрі жалғастыра береміз, – деп атап өтті полковник Арман Әбеуов.

Конгресс пен ассамблея аясында Түркия, Қытай, Оңтүстік Кореяда Қазақстан Қарулы күштерінің дене шынықтыру және спорт мамандарын оқыту мен біліктілігін арттыру туралы алдын ала уағдаластық та бар.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 7 айға – 3752,84 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 7 айға – 5152,84 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 7 айға – 2352,84 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

2024 жылғы 17 мамыр №2/225-431

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, 2019 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың төрағалығымен өткен «Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» кеңес хаттамасының 2.3-тармағы, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 мамырдағы №32.1-32/1739-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпыға ортақ пайдалану нысаны құрылысы үшін Рашид Хакимович Редясебовтің, Карина Евгеньевна Редясебованың Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Қазақфильм» шағынауданы, 263Б үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-022-054), жалпы ауданы 0,4559 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

ҚЫМБАТТЫ ҒАЙНИЖАМАЛ ТӘТЕ!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі 90 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәтеміз, Мамытбекова Ғайнижамал Қабылбекқызы 1934 жылдың 20 мамырында Павлодар облысы, Баянауыл жерінде дүниеге келген. 1962 жылы жездеміз Мұқашев Токжігіт Мұхаметқалиұлы (2012 жылы дүниеден өтті) екеуі отау тігіп, 60 жыл тату-тәтті өмір сүріп, өмірге 4 қыз: Жұлдыз, Света, Ботагөз, Құндыз және ұлы Ерсінді әкеліп, бақытты ата-ана атанған абзал жандар. Өкінішке орай, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсірген жалғыз ұлдары Ауғанстанда әскери міндетін атқарып жүргенде ерлікпен қаза тапты. Қыздарының әрбіреуі отау құрып, ата-анасына 12 немере, 30 шөбере, 6 шөпшек сүйгізіп, солардың қызығын көріп, арманына жеткен. Бақыт деген осы болар!

Өз заманында елге, халыққа қызмет еткен құрметті адамдар. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек.

Ғайнижамал тәтемізге зор денсаулық, әдемі көрлілік, Алланың берген жасын жасап, арамызда аман-есен өмір сүруіне тілектеспіз.

Сіңдісі Ғайнижамал Ахметова және балалары.



«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 5 шілде, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтумарлар, алқалар).
Лоттар саны – 360 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 10 маусым, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 5 шілде, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтумарлар, алқалар).
Лоттар саны – 807 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 10 маусым, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ САЛДАРЫНАН ТҮРҒЫН ҮЙСІЗ ҚАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

«Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 58-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен бекітілген Төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй беру қағидаларына сәйкес 2024 жылғы 8 ақпанда Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Таусамалы» шағынауданы, Олимпийская көшесі, 3 А үй бойынша көшкіннің түсуі нәтижесінде болған төтенше жағдай кезінде тұрғын үйсіз қалған азаматтардың тізімін жариялайды.

№	ТАӨ	Өтініш берілген күні	Отбасы құрамы	Тұрғын үй беру негіздері	Бұзылған тұрғын үйдің мекенжайы	Бұзылған тұрғын үйдің алаңы
1	Шин Дмитрий Витальевич	2024 жылғы 4 мамыр	1 адам	«Қазселденқорғау» ММ АҚІПБ-ның көшкінді зерттеу актісі	Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Таусамалы» ш/а, Олимпия көшесі, 3А үй	69,9 ш.а.

«Қазақстан Республикасы Журналистер одағы» қоғамдық қоры ҚР Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі Төлеміс Бақтыбайұлы Құлмұхамедовке бауыры **Елеміс Бақтыбайұлы КҮЛМҰХАМЕДОВТІҢ** ауыр науқастан қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШӘЙ КҮНІ

БІР ШӘУГІМ ШӘЙ

адамдарды жақындастырады, татуластырады, туыс етеді

Бүгін, яғни 21 мамыр – Халықаралық шәй күні. Дүниежүзілік шәй мерекесін атап өтетін шәйқор мемлекеттер де аз емес әлемде. Ал шынтуайтына келсек, шәйдың «туған» күнін тойлаудағы о бастағы мақсат әлемде шәй нарығындағы өзекті мәселелерге, сондай-ақ шәй плантацияларында және қайта өңдеу кәсіпорындарында жұмыс істейтін шаруалардың жағдайына назар аудару болған көрінеді. Сондай-ақ, мерекені ұйымдастырушылар өзгелермен бәсекеге түсе алмайтын қара және жасыл шәй шығаратын, сататын шағын фирмалардың ахуалын жақсартуды көздеген деседі.

КЕЛІН ШӘЙ

Бұл – үйге келін түсіп, беташар айтылып болған соң, тойға келгендер тарқап, үй иелері оңаша қалған кезде, сол әулетке ағайындас жасы үлкен кісілердің, көрші-қолаңның жаңа түскен келіннің қолынан шәй ішу рәсімі. Оның мәнісі – жаңа түскен келінге шәй құйдырту арқылы оның үй шаруасына икемділігін, дастархан берекесіне ыңғайын байқау және оны жаңа туыстарымен таныстыру. Ал жас келін «келін шәй» кезінде дастарханды жағалай отырған меймандарға жылы қабақпен, кесені сылдыратпай, баппен шәй құя отырып, өзінің қандай екенін танытады. «Келінжан, тамағыңды емес, қабағыңды бер» дейтін нақыл осындайда айтылса керек. Шаңыраққа бүгін ғана келіп жатқан келін шәй демдеудің, оны кеселерге құюдың жөн-жобасын білмеген жағдайда абысындары көмектеседі. Бұл бір жағынан әлі ешкімді танымайтын келіннің абысын-ажынмен тезірек танысып, бірден жақындасып, бауырласып кетуіне дәнекер болатын дәстүр.

КӨҢІЛ ШӘЙ

Өмір болған соң, күнгеймен қатар көлеңкелі тұстары да орын алып жатады. Басына іс түскенде, тұрмыс-тіршілікте кездесетін қиын жағдайда, ренішті, күйінішті кездерде адамдар бір-біріне ниетін, тілектестігін, көңілін білдіріп, қиыншылығына ортақтасып, ақыл-кеңесін айтатын болған. Сол үшін арнайы дастархан жайып, шаңыраққа шақырып, «көңіл шәй» берген.

Жақыны қайтыс болып, қара жамылған жандардың көңілін аулау мақсатында жайылатын дастархан, қонақ ету дәстүрі де «көңіл шәй» деп аталады. Қуанышқа орай, бұл әдемі дәстүр де әлі күнге үзілген жоқ.

ТӘТТІ ШӘЙ

Ата-ананың келісімінсіз, қызды алып қашып кетіп, үйленетін кездер де болады. Мұндай жағдайда жігіт жақтан қыздың ата-анасының аяғына жығылуға, яғни кешірім сұрап, келісімге келуге төрт-бес адам барады. Олар арғы-бергі жақтан сөз қозғап, ата-бабалардың салған жолы деп дәлелдеп, қыздың ата-анасы мен туысқандарының бетін бері қаратып, жігіттің ауылына шақыратын болған, оларға кең дастархан жайған. Бұл рәсім «тәтті шәй» деп аталады. Демек, бұл құда-құдағилардың өзара келісу, екі жастың бақыты үшін ымыраға келу, содан танысу, білісу шәйі. Бұл шәйдің үстінде жақсы тілектер айтылып, алдағы той қамы әңгіме болады. Тәтті шәй ренжіскен адамдарды татуластыруға беріледі.

ЖАПЫРАҚ

Шәй ішу дәстүрі ежелгі Қытай елінен бастау алады екен. Аңыз бойынша желмен ұшып келген бірнеше шәй жапырағы Қытай императоры үшін дайындалып жатқан ыдыстағы қайнаған суға түсіп кетеді. Өлгі сусын өзінің дәмімен және хош иісімен билеушіні қатты қызықтырады.

Шәй бұтасы – күй талғамайтын, тамырлы, көпжылдық өсімдік. Шәй жас жапырақ-

тардан, оның бүрлерінен өндіріледі. Ең бағалысы – бірінші және екінші бүрлері. Бірінші өнім, әдетте, ақпан айынан бастап наурыз айына дейін жиналады. Шәй ағашы 100 жылдай өмір сүріп, 70 жыл өнім береді екен.

ЫСТЫҚ ШӘЙ

Біздің шәйді қалай ішетініміз туралы XIX ғасырдың орта шенінде М.Киттар деген жапон зерттеушісі «Қазақтар шәй ішкенде уақыт та, орын да талғамайды. Кез келген тамақтан бұрын да, кейін де іше береді» деген екен. Бірақ дәрігерлер шәй ішудің де реті барын айтады. Мәселен, оны ыстықтай ішуге болмайды. Себебі, ол кенірдекке, ас жолы мен асқазанға кері әсер етуі мүмкін дейді. Ыстықтығы 56 градустан аспағаны жөн екен.

Аш қарынға суықтай ішпейді. Себебі, ол өт пен асқазанға зиян. Суық шәй бүкіл ағзаны тітіркендіреді. Тағамның алдында шәй ішпейді. Өйткені, ол сілекейді қышқылдандырып, оның дәмін сезуді қиындатады. Мұндай жағдайда ас қорыту қызметінің протеинді сіңіруі уақытша төмендеп кетеді. Тамақтан соң да бірден шәй ішпеген жөн екен, жарты сағаттан кейін ішкен дұрыс дейді. Себебі, шәй құрамындағы танин, протеин мен темірдің қатқылдануы тағам сіңімділігін төмендетеді. Дәріні шәймен ішпейді. Өйткені, ол препараттың күшін жояды.

Шәйді беталды іше берсеңіз, өңіңізді өзгертіп, ұйқыңызды қашырады. Тым қою етіп ішсеңіз, оның құрамындағы кофеин жүйке жүйесінің қызметін қоздырады, қан қысымын күшейтіп жібереді.

ДӘРУМЕН

Сүт қосылған күрең шәй дәрі-дәрмектен, ішімдіктен уланған жағдайда удың бетін қайтаратын көрінеді.

Шәй сүзек, дизентерия тәрізді аса қауіпті бактерияларды жоя алатын күшке ие. Қан құрамын, жүрек жұмысын жақсартады. Бүйрекке тас байлануын болдырмайды дейді. Шәйді асықпай, баппен, ұрттап ішсеңіз, ас қорыту органы, тамақ, асқазан күйіп қалмайды. Шәй тұнбасындағы Р дәрумені адам ағзасына С дәруменінің жақсы сіңуіне көмектеседі. С дәрумені жетпеген адамға көк шәй ішу қажет. Ал көк шәйді дұрыс тұтына білген адам ерте қартаймайды деседі.

P.S.

Қалай десек те, біз үшін бір шәугім шәй адамдарды жақындастырады, туыс етеді, сыр айтқызады, ренжіскен жандарды татуластырады, дастархан жайғызады. Адамдар бір-бірінен ажырамайды. Ең бастысы сол.

ДӘСТҮР

Ал қазір дүкен сөрелерінде шәйдің түр-түрі бар, жапырақты, түйіршікті дейсіз бе, тіпті, қапталған, бір рет демделетін де шәй бар, көңіліңіз соққанын сатып алып іше бересіз.

Шәй күнін асқан ынтамен, белсенді түрде атап өтетін халық Үндістан мен Шри-Ланка, Бангладеш, Индонезия, Кения, Уганда тұрғындары екен. Олар шәй жапырағын өсіру, өңдеу және экспорттау арқылы әлемдегі шәй өнеркәсібін дамытып жүрген елдер сапында. Аталған мемлекеттер шәй күнінде ән салып, би билеп, маскарадтық қойылымдар қойып, сосын әлбетте, шәй ішіп атап өтеді.

Ал қазақта шәй күні атап өтілмесе де, күнімізді шәйсіз елестету мүмкін емес. Себебі, қою сүт қатқан күрең шәй ішпесек, басымыз сынып кететін халықпыз. Бізде басқалар сияқты шәй күні деп әспеттеліп жатпаса да, бір кесе шәйдің туыстық, адамгершілік сынды қасиеттерімізді асқақтатып тұратын ғаламат қасиеті бар.

Қазақ халқы үшін шәй беру дәстүрінің ертеде қалыптасқанын және шәй берудің бірқатар түрі болғанын белгілі этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлы «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты кітабында жазып кеткен. Сол еңбекке сүйене отырып, әдемі дәстүріміз туралы тағы бір еске алып, аз-кем тарқатайық.



(Суреттер: ашық дереккөзден).